

**«Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы**

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желінің жұмысы  
туралы Ереже**

Өскемен қаласы 2024 жыл

«Ертіс» ӘКК» АҚ  
Басқарма отырысының  
2024 жылғы 26 ақпандағы  
№ 8 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желінің жұмысы туралы Ереже

### 1. Жалпы ережелер

Осы Ереже «Ертіс» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі - Қоғам) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жедел желіге келіп түскен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалар талаптарын орындамау ықтимал сәйкессіздік жағдайлары туралы және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатын, сонымен қатар басқа да сұрақтар бойынша өтініштерді қабылдау, тіркеу және есепке алу жұмысының тәртібін белгілейді.

Ереже ҚР 18.11.2015 жылғы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес әзірленген.

### 2. Терминдер мен анықтамалар

**Контрагент** – келісім-шарт бойынша өзіне қандай да бір міндеттемелер алған немесе алуға ниеттелген жеке және заңды тұлға (*іскер серіктес, жеткізуші, қандай да жұмыстарды атқару, қызметтерді көрсету үшін тартылған тұлғалар, клиенттер және басқа тұлғалар*).

**Мониторинг** – объектілерді, құбылыстарды, процестерді бағалау, бақылау немесе болжау мақсатында олардың жай-күйін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау.

**Комплаенс** - сұрауға немесе нұсқауға сәйкес әрекет. «Комплаенс» қандай да бір ішкі немесе сыртқы талаптарға немесе нормаларға сәйкестікті білдіреді.

**Тәуекел** - белгісіздіктің мақсаттарға әсері.

**Бизнес-процесс** - белгілі бір өнім немесе қызмет нәтижесі болып табылатын дәйекті операциялар тізбегі.

**Ішкі құжат** - Қоғамда жасалған құжат.

**Лауазымды тұлға** - билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын тұлға.

### 3. Құқықбұзушылықтар туралы хабарлау тәртібі

Егер қоғам қызметкерлерінде, контрагенттерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және өзге де мәселелерді сақтамау саласындағы ықтимал жосықсыз мінез-құлық туралы

кандай да бір алаңдаушылық болса, ол бұл туралы бірінші кезекте өзінің тікелей басшысына хабарлауға тиіс. Алайда, егер олардың әрі қарайғы әрекеттері немесе әрекетсіздігі қызметкерді алаңдатса немесе олар өздерінің алаңдаушылықтары туралы жетекшісімен немесе жоғарыда аталған басқа адаммен сөйлесу мүмкін емес деп санаса, олар 8-72-32-70-11-46 телефонына хабарласуы немесе электрондық пошта арқылы хабарлама жазуы мүмкін (\_\_\_\_\_).

#### **4. Хабарламаларды өңдеу**

"Жедел желі" телефонына келіп түскен барлық қоңыраулар мен хабарламалар тіркеледі, сондай-ақ олар бойынша қабылданған ден қою шараларының есебі жүргізіледі (1-қосымша).

"Жедел желі" телефонына келіп түсетін ақпаратты жинауды және алдын ала өңдеуді қоғамның комплаенс-офицері жүзеге асырады.

Егер өтініш өзінің мазмұны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын сақтамау саласына жататын болса, қоғам басшылығы тергеу жүргізуге және осы тергеуге жауапты адамды тағайындауға нұсқау береді.

Осыдан кейін келіп түскен өтініш бойынша тергеу жүргізетін жұмыс тобы (қажеттілігіне қарай) құрылады.

Барлық өтініштер сипатталған жағдайдың сипаты мен дәрежесін ескере отырып, өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қаралады.

Заң сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық қудалауға жауапты мемлекеттік органдарға ақпаратты хабарлауды міндеттейтін жағдайларда, қоғам басшылығы қоғамның ЖМК жауапты қызметкеріне тиісті органға хабарлама жіберуге өкім береді.

Өтініш электронды мекен-жайға жолданған кезде арызданушы келесі бөлімде бір нұсқаны таңдауы қажет:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу фактілері туралы;
2. Қоғам қызметкерлерінің, контрагенттердің этикалық емес мінез-құлық көрсетуі;
3. мүдделер қақтығысы сұрағын реттеу бойынша;
4. ішкі процедураларды жақсарту бойынша ұсыныстар беруге болады.

Жауапты адам қоғам басшылығы үшін өткен аптада "жедел желі" телефонына келіп түскен өтініштер туралы берілген ақпаратты ай сайын жинақтайды (2-қосымша).

"Жедел желі" телефоны бойынша өтініштерді қабылдау жұмыс уақытында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

#### **5. Тергеу нәтижелері**

Тергеудің барлық нәтижелерін қоғам басшылығы қарайды және кейінгі әрекеттер туралы шешімдер қабылданады немесе анықталған бұзушылықтарды жою үшін қабылдануы тиіс белгілі бір процестерді немесе әрекеттерді жетілдіру бойынша Қоғамның құрылымдық бөлімшесіне ұсынымдар беріледі.

## **6. Кері байланыс**

Қоғам қызметкері, бұзушылық туралы хабарлаған контрагент жауап алады, онда оның өтінішін қарау нәтижелері туралы хабардар етіледі.

Қоғамның ақпараттың құпиялылығын сақтауға мүдделілігін және өтініш берушінің құқықтарын құрметтеуді назарға ала отырып, нақты тұлғаларға қатысты мәліметтер ашылмайды, соның салдарынан жауапты адам оның электрондық поштасына жіберетін жалпы сипаттағы жауап болуы мүмкін.

## **7. Құпиялылық**

Хабарламаларда көрсетілген ақпарат өтініш беруші туралы бұзушылық туралы ақпаратты жария етпей, тергеп-тексеруді жүргізуге қатысатын қызметкерлерге ғана ашылады. Бұзушылықтар туралы хабарлау процесіне қатысатын барлық қызметкерлер қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес берілген алынған хабарламалардың мазмұнына қатысты құпиялылықты сақтайды. Хабарламада көрсетілген мәліметтерді кез келген жария ету немесе тергеп-тексеру нәтижелерін ашу Қоғам басшылығының рұқсаты негізінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін.



